

Денсаулық сақтау даярлау
бағыты бойынша
ОӘБ ӘБК-нің шешімімен
бекітілді
2025 жылғы 18 қыркүйектегі
№1 хаттама

2025–2026 оқу жылына арналған
«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша
оқу-әдістемелік бірлестіктің
жоғары білім беру секциясының жұмыс жоспары

р/н	Іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Жауапты	Аяқталу түрі
1.	2025–2026 оқу жылына арналған жоғары білім беру секциясының негізгі құрамын өзектендіру және бекіту, сондай-ақ жоғары білім беру секциясының жұмыс жоспарын бекіту.	Қыркүйек	ЖБ секциясының төрағасы	Хаттама, тізім, жұмыс жоспары
2.	«Медицина», «Педиатрия», «Стоматология», «Медико-профилактикалық іс» мамандықтары бойынша базалық пәндерден білім алушылардың аралық деңгейдегі құзыреттерін ескере отырып, тәуелсіз емтиханның техникалық спецификацияларын	Қазан	ЖБ секциясы, ҰТЕО	Тех.спецификация, Хаттама

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі		Ф-МУА-01- 25 Стр.2 из 4
	Жоспар		

	талқылау және бекіту.			
3.	Білім беру бағдарламалары түлектері мен интернатура түлектерінің тәуелсіз емтихандарының техникалық спецификацияларын талқылау және бекіту.	Қараша	ЖБ секциясы, ҰТЕО	Тех.спецификация, Хаттама
4.	ҒЗМУ білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау мәселелерін талқылау. Магистрлік жобалардың форматы мен тақырыптары. ҒЗМУ магистрлік жобаларының жетекшілеріне қойылатын талаптар.	Қараша	ЖБ секциясы	Хаттама
5.	Профильді интернатурада білім беру бағдарламаларын даярлау сапасын қамтамасыз етуге бағытталған мәселелерді қарастыру.	Қараша	ЖБ секциясы	Хаттама
6.	Қазақстан Республикасында дәрігерлерді даярлау бойынша білім беру бағдарламаларына іріктеу үшін өткізілген арнайы емтиханның пилоттық нәтижелерін қарастыру.	Желтоқсан	«АМУ» КеАҚ, «СМУ» КеАҚ	Хаттама
7.	2026 жылға арналған «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім	Желтоқсан	ЖБ секциясы	Хаттама, жоспар

Жоспар

	сапасын жетілдіру мәселелеріне қатысты семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізу жоспарын бекіту.			
8.	Білім алушылар мен түлектерде кәсіби құзыреттер мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында тәжірибеге бағытталған оқыту мен даярлау тәсілдеріне (академиялық күнтізбені өзгерту және т.б.) қатысты нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу.	Қаңтар	ЖБ секциясы	Хаттама
9.	«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша оқулықтармен, оқу құралдарымен және электрондық ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау.	Қаңтар	ЖБ секциясы	Хаттама, анықтама
10.	Стратегиялық серіктестермен, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесіп жаңа білім беру бағдарламаларын бекіту және ҚР ҒЖБМ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу (оқу үдерісінің сапасын ішкі және сыртқы қамтамасыз ету жүйесін құрудағы халықаралық тәжірибені ескере отырып).	Ақпан	ЖБ секциясы	Хаттама
11.	Интернатура және резидентура түлектерін	Ақпан	С.Каирбекова	Хаттама

Жоспар

	сұранысқа ие өңірлер мен медициналық ұйымдарға бөлу үшін «Platonus» ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, білім беру ұйымдарынан деректерді автоматтандырылған жинау рәсімін қарастыру және бекіту.		атындағы ДСДУҒО	
12.	Білім беру бағдарламаларын мониторингтеу, нәтижесінде ЖОО және (немесе) ЖОО кейінгі ұйымдар жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларын ҚР ҒЖБМ-нің 2022 жылғы 12 қазандағы №106 бұйрығына сәйкес тізілімге енгізу немесе шығару жөнінде ұсынымдар әзірлеу.	Ақпан	ЖБ секциясы	Хаттама
13.	Бакалавриат деңгейіндегі білім беру бағдарламаларын кәсіби стандарттар мен салалық біліктілік шеңберін ескере отырып жаңарту.	Наурыз	ЖБ секциясы	Хаттама
14.	«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша кадрларды даярлауда оқу нәтижелерін ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес қалыптастыру жөніндегі ұсынымдарды қарастыру.	Наурыз	ЖБ секциясы	Хаттама

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі		Ф-МУА-01- 25 Стр.5 из 4
	Жоспар		

15.	«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша кадрларды даярлау үдерісіне халықаралық жобалардың нәтижелері мен қолданбалы ғылыми зерттеулердің енгізілуін мониторингтеу.	Сәуір	ЖБ секциясы	Хаттама
16.	2025–2026 оқу жылында жоғары оқу орындарында инновациялық оқыту әдістері мен технологияларын енгізу, жаппай ашық онлайн курстардың сараптамасы бойынша қызметті талдау.	Сәуір	ОӘБ, ЖОО	Хаттама
17.	Медициналық ЖОО студенттерін медициналық орталықтар мен госпитальдарда практикалық дағдыларға оқытуға арналған академиялық коэффициент белгілеу бөлігінде НҚА-ға өзгерістер енгізу.	Мамыр	ЖБ секциясы	Хаттама
18.	ІТ және денсаулық сақтау саласындағы пәнаралық мамандықтар мәселелерін талқылау («Денсаулық сақтаудағы жасанды интеллект», «Денсаулық сақтаудағы үлкен деректер» бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары).	Маусым	ЖБ секциясы	Хаттама
19.	Секция есебі.	Маусым	ЖБ секциясы	Хаттама, есеп

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі		Ф-МУА-01- 25 Стр.6 из 4
	Жоспар		

20.	«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша кәсіби стандарттарды әзірлеуге және өзектендіруге қатысу.	Кәсіби стандарттар әзірленген және өзектендірілген сайын	ЖБ секциясы	Хаттама
21.	Халықаралық тәжірибе мен озық практиканы талдау және қорыту негізінде (үштұғырлы және дуалды оқытуға негіз ретінде) денсаулық сақтау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ұсынымдар дайындау.	Өтініш түскен сайын	ЖБ секциясы	Хаттама
22.	ҚР ҒЖБМ РОӘК, ҚР ҒЖБМ ЖБДҰО хаттамалық тапсырмаларын орындау.	Өтініш түскен сайын	ЖБ секциясы	Сұраныс бойынша жауап беру
23.	Денсаулық сақтау кадрларын даярлау мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне жауап беру.	Өтініш түскен сайын	ЖБ секциясы	Хаттама

Жоғары білім беру үйімінің төрағасы

Хатшы



Досанова А.К.

Шакеева А.Р.